

**ТЕОРИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА
ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ЛИНГВИСТИКА
THEORETICAL LINGUISTICS**

Мақала/Статья/Article
FTAMP 16.21.49

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-12-21>

Нүргелді Уәли¹, Жансая Көшербай^{2*}, Мустафа Синан³

¹филология ғылымдарының докторы, профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-9906-8317 E-mail: Nuralikhan2020@mail.ru

^{2*} автор-корреспондент, докторант, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0009-0000-2676-2431 E-mail: koktalzhansaya@gmail.com

³ философия докторы (PhD), профессор, Стамбұл 29 мамыр университеті, Түркия, Ыстанбұл қ., ORCID: 0000-0002-9959-3306 E-mail: mskacalin@gmail.com

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ САХА ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ
ЭТНОМӘДЕНИ СЕМАНТИКАСЫ («БАС» СОМАТИЗМІ НЕГІЗІНДЕ)**

Аңдатпа. Саха ұлты – ерте замандарда Орта Азия жерінен солтүстікке қоныс аударып, түркілік емес ұлттардың тілдік, мәдени ықпалына ұшыраған ұлт. Оңтүстік түркі тілдері секілді араб-парсылық ықпалға ұшырамаған бұл тіл көне түркілік қалыпты сақтаған. Алтай тілдерінің үш бірдей тармағы: түркілік, моңғолдық, тұңғыс-маньчжурлық тілдер тоғысында орналасқан саха тілі зерттеушілерді қызықтырады сөзсіз. Саха тіліндегі моңғолдық, эвенкілік қабатты аршып алса, көне түркілік қалыпқа қол жеткізуге болады деген ғылыми пікір қалыптасқан. Мақалада қазақ және саха тілдеріндегі «бас» соматизмі ұйытқы болуымен жасалған фразеологизмдердің этномәдени семантикалық өрісі, концептілік таным сөз болады. Зерттеудің басты мақсаты – қазақ және саха тілдеріндегі «бас» сомафразеологизмдерінің этномәдени семантикасын, концептілік таным моделін айқындау. Зерттеу жұмысының міндеттері – қазақ және саха тілдеріндегі соматикалық тұрақты тіркестерді жинақтау, топтастыру, сомафразеологизмдерге семантикалық, ішінара тарихи грамматикалық, концептілік талдау жүргізу. Зерттеу барысында сомафразеологизмдер жинақталып, олардың құрылымдық және мазмұн межесі салыстырыла қарастырылады. Семантикалық әдіс, диахрондық талдау әдісі, антропоэлектік парадигма негізіндегі концептілік талдау әдісі арқылы екі тілге тән параллельдік айқындалады. Қазақ және саха тілдерінің лексика-семантикасын салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы зерделеу – тарихи қазақ тіл білімі үшін өзекті мәселе. Осы орайда көне түркілік сөзформаны барынша сақтаған саха тілін қазақ диахрондық лингвистикасында салыстырмалы әдіс арқылы зерттеудің тиімді тұстары бағамдалады. Қазақ және саха тілдерінде ортақ фразеологизмдердің кездесуі екі тілдің тарихи тамырластығын, екі тілдегі тұрақты сөз орамдарының қалыптасу кезеңі түбірлес болғанын аңғартады. Екі тілдегі лексикологияның терең қабатында орналасқан сомафразеологизмдерді антропоэлектік парадигма тұрғысында қарастыру көне түркілік концептілік таным моделіне реконструкция жасауда ғылыми-теориялық маңыздылыққа ие.

Тірек сөздер: саха тілі; «бас» соматизмі; сомафразеологизмдер; концепт; этномәдени код

Сілтеме жасау үшін: Уәли Н., Көшербай Ж., Мустафа С. Қазақ және саха тілдеріндегі фразеологизмдердің этномәдени семантикасы («бас» соматизмі негізінде). *Tiltanym*, 2026. №1 (101). 12-21-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-12-21>

Нургельды Уәли¹, Жансая Көшербай^{2*}, Мустафа Синан³

¹ доктор филологических наук, профессор, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-9906-8317 E-mail: Nuralikhan2020@mail.ru

^{2*} автор-корреспондент, докторант, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0009-0000-2676-2431 E-mail: koktalzhansaya@gmail.com

³ доктор философии (PhD), профессор, Стамбульский университет 29 мая, Турция, г. Стамбул, ORCID: 0000-0002-9959-3306 E-mail: mskacalin@gmail.com

**ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ СЕМАНТИКА ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В КАЗАХСКОМ И
ЯКУТСКОМ ЯЗЫКАХ (НА ОСНОВЕ СОМАТИЗМА «ГОЛОВА»)**

Аннотация. Саха (якуты) – этнос, мигрировавший на север из Центральной Азии в древние времена и подвергшийся языковому и культурному влиянию со стороны нетюркских народов. Данный язык, в отличие от

южных тюркских языков, не подвергся арабо-персидскому влиянию, и сохранил свою древнюю тюркскую форму. Якутский язык, находящийся на стыке трех ветвей алтайских языков: тюркского, монгольского и тунгусско-маньчжурского, несомненно, представляет интерес для исследователей. Существует научное мнение, что если удалить монгольские и эвенкские слои из якутского языка, то можно реконструировать его древнетюркскую основу. В статье рассматриваются фразеологические единицы, образованные на основе соматизма «голова», в казахском и якутском языках, их этносемантическое поле и концептуальные знания. Основная цель исследования – выявление этнокультурной семантики и концептуально-когнитивной модели сомафразеологизмов с компонентом «голова» в казахском и якутском языках. Задачи исследования включают сбор и систематизацию соматических устойчивых единиц в казахском и якутском языках, а также проведение семантического, частично историко-грамматического и концептуального анализа сомафразеологизмов. В ходе исследования сомафразеологизмы были собраны и проанализированы с точки зрения их структурных и содержательных характеристик в сопоставительном аспекте. Применение семантического метода, диахронического анализа и концептуального анализа в рамках антропоцентрической парадигмы позволяет выявить типологические параллели между двумя языками. Сравнительно-историческое изучение лексико-семантических систем казахского и якутского языков представляет собой актуальную задачу исторического казахского языкознания. В этой связи особую значимость приобретает исследование якутского языка, максимально сохранившего древнетюркские словоформы, с использованием сравнительного метода в диахронической лингвистике казахского языка. Наличие общих фразеологизмов в казахском и якутском языках свидетельствует об их историческом родстве и указывает на общность этапов формирования устойчивых словосочетаний. Рассмотрение сомафразеологизмов, находящихся в глубинных слоях лексико-семантической системы обоих языков, в рамках антропоцентрической парадигмы имеет важное научно-теоретическое значение для реконструкции древнетюркской концептуальной модели познания.

Ключевые слова: якутский язык; соматизм «голова»; сомафразеологизмы; концепт; этнокультурный код

Для цитирования: Уали Н., Кошербай Ж., Мустафа С. Этнокультурная семантика фразеологизмов в казахском и якутском языках (на основе соматизма «голова»). *Tiltanym*, 2026. №1 (101). С. 12-21. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-12-21>

Nurgeldy Uali¹, Zhansaya Kosherbay^{2*}, Mustafa Sinan³

¹Doctor of Philology, Professor, Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics,

Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-9906-8317 E-mail: Nuralikhan2020@mail.ru

^{2*}Corresponding Author, Doctoral Student, Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0000-2676-2431 E-mail: koktalzhansaya@gmail.com

³Doctor of Philosophy (PhD), Professor, İstanbul 29 Mayıs University, Turkey, İstanbul, ORCID: 0000-0002-9959-3306 E-mail: mskacalin@gmail.com

ETHNOCULTURAL SEMANTICS OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN KAZAKH AND YAKUT LANGUAGES (BASED ON THE SOMATISM “HEAD”)

Abstract. The Yakuts are a people who migrated north from Central Asia in ancient times and were subject to linguistic and cultural influences from non-Turkic peoples. This language, unlike the Southern Turkic languages, was not influenced by Arabic-Persian and retained its ancient Turkic form. Situated at the junction of three branches of the Altaic languages – Turkic, Mongolian, and Tungusic – the Yakut language is undoubtedly of interest to researchers. There is a scientific opinion that if the Mongolian and Evenk layers are removed from the Yakut language, an ancient Turkic form can be obtained. The article examines phraseological units formed using somatism as a motif in the Kazakh and Yakut languages, their ethnosemantic field and conceptual knowledge. The main objective of the study is to identify the ethnocultural semantics and conceptual-cognitive model of somatic phraseological units in the Kazakh and Yakut languages. The objectives of the research work: collection and grouping of somatic set phrases in the Kazakh and Yakut languages, conducting a semantic, partially historical, grammatical and conceptual analysis of somatic phraseology. This study compiles somaphraseological units in both languages, conducts a comparative analysis of their structural and semantic features, and identifies the parallelism inherent in the two languages through the application of the semantic method, the diachronic analysis method and the method of conceptual analysis based on the anthropocentric paradigm. The study of the lexical and semantics of the Kazakh and Yakut languages using the comparative-historical method is a pressing issue in historical Kazakh linguistics. In this regard, the advantages of studying the Yakut language, which has preserved ancient Turkic word forms to the greatest extent, are assessed using the comparative method in Kazakh diachronic linguistics. The presence of common phraseological units, idioms and proverbs in the Kazakh and Yakut languages testifies to the historical closeness of these two languages, as well as to the common and close period of formation of set phrases in these two languages. The study of somatisms within the deep lexical-semantic layers of both languages, framed by the anthropocentric paradigm, holds significant theoretical value for reconstructing the ancient Turkic conceptual model of cognition.

Keywords: yakut language; somatism “head”; somaphraseologisms; concept; ethnocultural code

For citation: Uali, N., Kosherbay, Zh., Mustafa, S. Ethnocultural Semantics of Phraseological Units in Kazakh and Yakut Languages (Based on the Somatism “Head”). *Tiltanym*, 2026. No.1 (101). Pp. 12-21. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-12-21>

Кіріспе

Қазақ және саха тілдері – Н. Баскаковтың классификациясы бойынша, түркі тілдерінің Шығыс Хун және Батыс Хун деген екі үлкен тармағына жататын, туыстас түркі тілдері. Қазақ, қырғыз, өзбек сынды Орта Азия түркі тілдері халықтары өзара аудармашысыз-ақ түсінісе алатын болса, саха тілі – түркі тілдері арасында өзінше тосын тарихи даму бағытын алған, әрі түркі емес тілдер ықпалына ұшыраған тіл. Зерттеушілер өзге түркі тілдерінен дыбыстық, лексикалық өзгеше тіл ретінде чуваш тілін айтар болса, саха тілі де осындай тілдік ерекшеліктерге барынша ие тіл. Оған аталған тілдің тарихи эволюциясы, өзге түркі тілдерінен оқшау жағдаятта дамуы, көршілес тілдер әсері себеп. Бүгінде қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, қазақ жерінде және тысқарыда мекен ететін қазақ ұлтының ана тілі. Саха тілі – саха ұлтының ана тілі, және ол саха ұлтының жергілікті оқу орындарында оқытылады, олонхо батырлық жырлар циклі, көне түркілік танымды сипаттайтын аңыз-ертегілері осы саха тілінде сақталған.

Қазақ және саха тілдері түркі тілдерінің үлкен екі шоғырында орналасқан, сәйкесінше дыбыстық, грамматикалық, лексикалық болмысы да едәуір алшақ тілдер. Десе де, екі тілде тілдік ортақтықтар жоқ емес, әрі ол ортақтық тілдің тарихи қабатынан орын алады. Саха ұлты ерте замандарда Орта Азиядан солтүстікке бірнеше лекпен көшкендігі туралы тарихи деректер бар. Ол сахалардың фольклорынан, шаруашылық лексиконынан да көрініс табады. Бір деректерде бұл көш XIV-XV ғасырларда орын алған десе, тағы бір деректер тым ертеде, IV-V ғасырларда орын алған дейді. Демек, сахалар Орта Азиядан солтүстікке орта түркі дәуірінде (X-XV ғасырларда), тіпті ар жағы көне түркі дәуірінде (V-X ғасырларда) көшкен. Араб-парсылық ықпалға ұшырамастан, көне түркілік сөз қалыбын сақтай көшкен сахалар солтүстікте моңғолдық, эвендік, эвенкілік тілдік ықпалға ұшыраған. Зерттеушілердің пікірінше (Е.И. Убрятова, Н.Широбокова) тілдегі моңғолдық, эвенкілік қабатты аршып алар болсақ, көне түркі тіліне болжалды түрде реконструкция жасауға болады. Осы тұрғыдан алғанда саха тілін лексикалық, этномәдени, семантикалық тұрғыдан қарастыру – бүгінгі тіл білімінде өзекті бағыт.

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысында қазақ және саха тілдеріндегі *бас* соматизмі арқылы жасалған тұрақты тіркестер этномәдени семантика, концептілік таным тұрғысынан қарастырылады. Соматикалық атаулар – тілдің негізгі қабатын құрайтын базалық лексика. Тілдің бұл базалық қабатына өзге тілдердің тарихи әсер етуі, олардың өзгеріске ұшырауы қиын құбылыс. Түркі тілдерінде соматикалық атаулар – атауыштық мәндегі сөздер ғана емес, олар сонымен қатар бейнелілікті сипаттайтын метафоралық, символдық, концептуалдық мағыналар жүйесін де қалыптастырады. Осы орайда қазақ және саха тілдеріндегі соматизмдерді фразеологизмдер ұйытқысында қарастыруды жөн көрдік. Тілдегі фразеологизмдік қабат – тіл дамуының кейінгі кезеңдерінде қалыптасатын, тілге бейнелеуіштік бояу беретін ұлт танымының көркем ойлау биігіндегі категория. Яғни тілдегі фразеологиялық қабат сол ұлттың тарихи жады сақталған рухани кодын айқындайтын тілдік өлшем деуге болады. *Сомафразеологизмдер* дегеніміз – соматикалық атаулар, яғни дене мүше атаулары ұйықты болуымен жасалған тұрақты тіркестер. Қазақ тіліндегі *бастан құлақ садаға, сау басына сақина тіледі, көзді ашып-жұмғанша*, саха тіліндегі *баскар дылы йэскэ бар (қарызға басымен кіру), күөх сүрэх (көк жүрек – жалқау)* секілді тұрақты тіркестер осы сомафразеологизмдер қатарын құрайды. *Бас* соматизмі антропоцентристік модельдің өзегін құрайтын негізгі, бастаушы концепт ретінде ерекшеленеді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақ және саха тілдері – туыс тілдер болғанмен, тарихи даму жағдаяты едәуір алшақ тілдер. Осы себептен екі тілдегі *бас* соматизмінің семантикалық өрісін салыстыра зерттеу көне түркілік дүниетанымның сақталу деңгейін айқындауға мүмкіндік береді.

Материал және әдістер

Қазақ және саха тілдеріндегі *бас* соматизмі ұйытқы болуымен жасалған фразеологизмдерге семантикалық талдау жүргізу үшін алдымен екі тілдегі тұрақты тіркестер жинақталды. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді жинақтауда «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (1980), І.Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігі» (2007) және он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (2011) қолданылды. Саха тіліндегі тұрақты тіркестер А.Г. Нелуновтың саха-орыс фразеологиялық сөздігінен (Якутско-русский фразеологический словарь, 2002), П.А. Слепцов, В.И. Лиханов, Н.Е. Петровтардың құрастыруымен шыққан саха тілінің түсіндірме сөздігінің

бірінші томынан (Большой толковый словарь якутского языка, 2004), дәл осы сөздіктің Е.Оконешников, Л.А. Афанасьев-Тэрис, П.С. Афанасьевтардың құрастыруымен шыққан екінші томынан (Большой толковый словарь якутского языка, 2005), сонымен қатар SakhaTula.ru онлайн сөздігінен жинақталды (SakhaTula.ru). Саха тіліндегі тұтас күйдегі тұрақты тіркестерді морфологиялық тұрғыдан жіктеп, лексикалық мағынасын аша алу үшін, аталған тілде базалық білім қажет екендігі даусыз. Мысалы, *баһыттан атабар диэри* дегендегі *баһыттан* сөзі *бастан* екендігін анықтау үшін саха тілінде тәуелдену процесінде *c~h* сәйкестігі жүретінін білу керек. Ал *атабар* сөзіндегі *-бар* тіліміздегі *-га/-ге/-қа/-ке*-ні береді. Және бұл көнетүркілік *-гару/-керу*-дің *-гар/-гер* форманты деп есептеледі. Грамматикалық ерекшеліктерден бөлек лексикалық ерекшеліктер (*мэник – тентек, өндөт – көтеру, салан – басқару, йэс – қарыз*) мен ұқсастықтар да (*бас – бас, атах – аяқ, ыарыйда – ауырды, төбө – төбе, ытта – ытқу, кырбана – қырбану*) қатар жүреді. Зерттеу жүргізіп отырған тілдің тілдік тұлғаларын дәл тани алу үшін Н.Харитоновтың тіл үйренуге арналған оқулығын (Самоучитель якутского языка, 1987) қолдандық.

Қазақ және саха тілдеріндегі *бас* соматизмі ұйытқы болуымен жасалған *бас-аяғы* 146 тұрақты тіркес жинақталды. Оның 117-сі – қазақ фразеологизмдері болса, 29-ы – саха фразеологизмдері. Саха тіліндегі А.Г. Нелуновтың екі томдық тұрақты тіркестер сөздігінде (Якутско-русский фразеологический словарь, 2002) барлығы 2000 шақты тұрақты тіркес қамтылған. Әрі осы еңбектің алғысөзінде бұл сөздік саха фразеологиясындағы кіріспе еңбек екендігі, алдағы уақытта әлі де кеңінен қамтылған көлемді фразеологиялық сөздіктер жасалатыны туралы айтылып өтілген. Сол себепті де саха тіліндегі *бас* сомафразеологизмдер саны жиырма тоғыздан әлдеқайда мол, тұрақты тіркестердің құрылымдық, мазмұндық сипаты әлдеқайда бай екендігі сөзсіз. Әзірге қолда бар материалдармен семантикалық талдау жұмыстары жүргізіледі, саха тіліндегі мол материалға қол жеткізген кезде жан-жақты толықтырылған зерттеу жұмысы атқарылмақ. Жинақталған тұрақты тіркестер сипатына қарай *динамикалық* (*баһым ыарыйда, мэниги атаахтатыма – басқар ыттыа, бас-атах бар, бас-баттах санарыма, бас-атаға биллибэт, бас быстыар*) және *статикалық* (*баһыгар-атабар, түс-бас киһи, бас иччитэ, басқар бакаайы, атаххар адаға*) деген екі топқа бөлінді.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында, алдымен, екі тілдегі тұрақты тіркестер жинақталды, картотека әдісімен топтастырылып, әр тілдік бірлікке талдау жүргізілді. Талдау барысында салыстырмалы әдіс арқылы екі тілдегі параллельдік пен ерекшелік айқындалды. Ішінара екі тілдегі сомафразеологизмдердің танымдық сипатына мән беріліп, антропоэлектік әдіс те қолданылды.

Саха тіліндегі кей тілдік тұлғалар тарихи талдау әдісін қажет етеді, мысалы, *баһыттан атабар диэри*-дегі атабардың *-бар* қосымшасы көне түркілік *-гару/-геру, басқын кырбана оло*-дағы *кырбана* тіліміздегі *қырбануға* келеді. Саха тілі көне түркі тіліне жақын тіл болғандықтан, диахрондық лингвистика парадигмасында қазақ тілін саха тілімен салыстыра зерттеу өзекті мәселелердің бірі болмақ.

Әдебиетке шолу

Саха тілі тіл тарихы, этимология мәселелері тұрғысынан да қазақ тіл білімінің зерттеу объектісіне енеді. Бұл ретте саха тілі қазақ тіл білімінде Ж. Түймебаев, Г. Сағидолда, М.Ескеевалардың «Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы» (Түймебаев, Сағидолда, Ескеева, 2017), Ә. Қайдар, М. Оразовтың «Түркітануға кіріспе» (Қайдар, Оразов, 2004) сынды еңбектерінде тарихи фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыдан оқулықтар аясында қарастырылып келді. Саха тілін қазақ тіл білімінде, отандық түркітануда толыққанды зерттеу жұмыстары әрі қарай жалғаса беретіні сөзсіз.

Г. Левин «Лексико-семантические параллели орхонско-тюркского и якутского языков» атты еңбегінде саха тілінің лексикасын төмендегідей семантикалық топтарға бөле отырып, статистикалық талдау арқылы бүгінгі саха тілі және көнетүркі тілдеріндегі лексикалық параллельдердің сәйкестігін анықтап, *дене мүше атаулары* мен *ағза атаулары* 100%-ға, *сан есімдер* 94%-ға, *сапалық, өлшем* мен *түр-түс* мәніндегі атаулары 82%-ға, *табиғат құбылыстары* атаулары 81%-ға сәйкес екендігін анықтап берді (Левин, 2001).

Ю.И. Васильев пен И.Ю. Васильев «Огузский компонент в якутском языке» атты еңбегінде саха тілінің оғыз тобы тілдеріне жақын екендігін айтумен қатар, Орхон жазба ескерткіштер тіліне де жақын келетіндігін айтады. Әкелі-балалы Васильевтер аталып отырған еңбекте зерттеуші Абдулкадир Инанның саха тілі туралы пікірін келтіреді: «Якутский язык одним из первых отделился от других тюркских языков и близкородственен языку орхонских тюрков. Так, например, аффикс *-сар*, встречающийся в орхонских письменных памятниках, в таком же значении используется в якутском языке. В области фонетики ...начальному тюркскому *й* в якутском языке соответствует звук *с*, а звуки *ш*, *з* в якутском языке отсутствуют и соответственно переходят в звук *с* (*йаз* ~ *саас*, *йол* ~ *суол*, *йогурт* ~ *суорат*, *йеген* ~ *сиэн*, *баш* ~ *бас* и т.п.), начальный тюркский *с* в якутском языке выпадает (*су* ~ *уу*, *сүт* ~ *үүт*, *сөз* ~ *өз* и т.п.), начальный тюркский *а* в якутском языке часто переходит в *ы* (*ал* ~ *ыл*, *агры* ~ *ыарыы*, *ай* ~ *ый* и т.п.) (Васильев, Васильев, 2012).

Жоғарыда айтып өткендей, саха тілінде көне түркілік қалып біршама сақталған, сонымен қатар тілде моңғолдық, эвенкілік те, ішінара тұңғыс-маньчжурлік те элементтер бар. Осы себепті саха тілі – алтай тілдер тобының үш бірдей тармағы тоғысындағы тіл. Осы сипаттары тұрғысынан саха тілі зерттеушілерді қызықтырып келеді. Н. Баскаков классификациясы негізінде саха тілі Шығыс Хун тармағының ұйғыр-оғыз тобына жатады. Аталған тілде қырғыз, тува тілдерімен (тува, қарағас, саха тілдері Шығыс Хун тілдер тобының ұйғыр-оғыз тобына жатса, қырғыз тілі қырғыз-қыпшақ тобына жатады) біршама лексикалық, фонетикалық ортақтықтар байқалады. Мысалы, саха тіліндегі *сөмүйэ* (сүк саусақ) – қырғыз-қыпшақтық элемент (қырғызша сөөмөйү).

Саха тілінде оғыздық элементтер де көптеп кездеседі. Ю.И. Васильев пен И.Ю. Васильевтің «Огузский компонент в якутском языке» еңбегінде тілдегі оғыздық элементтер кеңінен сипаттала айтылған (Васильев, Васильев, 2012).

Саха тілінің құрылымдық қана емес, мәдени тілдік ерекшеліктері мен заңдылықтарын ескере отырып, С.В. Ястремскийдің «Грамматика якутского языка» (Ястремский, 1900) еңбегімен қоса, А.А. Скрябина мен Д.И. Чиркочеваның «Архаическая лексика в якутских народных преданиях» (Скрябина, Чиркочева, 2021), Ф.Н. Дьячковский мен Е.Р. Николаевтың «Фразеология и лингвокультурология в якутской лингвистике» (Дьячковский, Николаев, 2020) еңбектерін де саралап, тілдік талдау жасауда ескеріп отырдық.

Нәтижелер және талқылау

Саха тіліндегі тұрақты тіркестерді өн бойында қимыл-қозғалыс бар болуына немесе атауыштық мәндегі тіркес болуына байланысты динамикалық және статикалық деп, екіге бөліп қарастырдық.

Динамикалық сипаттағы фразеологизмдер: *баһым ыарыйда* (*басым ауырды*), *мэниги атаахтатыма* – *баскар ыттыа* (*ақымақты еркелетпе, басыңа шығады*), *бас-атах бар* (*бас-аягына кету, басы аягына келу/төңкеріліп түсу*), *бас-баттах санарыма* (*қалай болса солай сөйлем*), *бас-атаға биллибэт* (*бас-аягын білмейді*), *бас быстыар* (*бас піштірер/кесер*), *бас быстар сыаната* (*бас кесер бағада*), *бас быстарынан* (*бас кесерінен*), *бас бэрин* (*бас беру*), *баскар дылы йэскэ бар* (*басқа дейін қарызға бату*), *баскар* (*төбөбөр*) *ытыар* (*басқа шығу*), *бас-көс буол* (*бас-көз бол*), *бил баһыттан сытыйар* (*балық басынан шіриді*) т.б.

Статикалық сипаттағы фразеологизмдер: *баһыгар-атабар* (*басынан аягына дейін*), *түс-бас киһи* (*дәрежелі кісі*), *бас иччитэ* (*басы қауғадай*), *баскар бакаайы, атаххар адаға* (*басқа үзеңгі, аяққа тұсау*) т.б.

Бас соматизмі арқылы жасалған тұрақты тіркестер қатарына *төбе* арқылы да жасалған тіркестерді топтастыруды жөн көрдік. Екі тілдегі тұрақты тіркестер кей тұстарда мағыналық жағынан, құрылымдық жағынан өзгешелік танытып жатса, кей тұстарда ортақтықты да байқауға болады. Ортақтық ретінде келесідей тұрақты тіркестерді ұсынуға болады: *баһыттан атабар диэри* – *бастан аяққа дейін*, *баһым ыарыйда* – *басым ауырды*, *мэниги атаахтатыма баскар ыттыа* – *ақымақты еркелетпе, басыңа шығады* (*ытқиды*), *бас-атах бар* – *басы ауган жаққа бару/кету*, *бас-атаға биллибэт* – *бас-аягын білмейді*, *баскар дылы йэскэ бар* (*сөзбе-сөз аудармасы: басқа дейін қарызға бару*) – *қарызға белшесінен бату*, *баскар* (*төбөбөр*) *ытыар* –

басқа шығу/басқа ытқу, бил баһыттан сытыйар (бил – таймень, балық атауы) – балық басынан шіриді.

Жинақтап, талдау жүргізген саха тіліндегі фразеологизмдерден құрылымы күрделілеу, қазақ тілінде баламасы бар тіркестер ретінде келесі қатарды көрсетсек болады: *бил баһыттан сытыйар; мәниги атаахтатыма – баскар ыттыа; баскар дылы йэскэ бар; баскын кырбана оло.* Әрқайсысын жеке-жеке түсіндірсек, *бил – балық атауы (таймень), баһыттан – басынан, сыт – шіру, сонда тұтас мағынасы балық басынан шіриді.* Бұл тіркес қазақ тілінде де бар. Келесі тіркесіміз *мәниги атаахтатыма – баскар ыттыа, мәник – тентек, оспадар, атаахтаа – еркелету, ыттыы – ытқу, секіру, атылу деген мағыналарды береді.* Қазақ тілінде *ақымақты еркелетпе, басыңа секіреді (шығады)* деген фразеологизмге *басына шығару, басына көтеру* (Кеңесбаев, 2007), *басына (төбесіне) ойнады* (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1980) т.б. тіркестері сәйкес келеді. *Баскар дылы йэскэ бар: (мал) басына дейін қарызға бару/кіру* *Баскар – басқа дейін* (көне түркі: -ғару/-геру → бүг. саха т.: -кар/-кэр/-ҕар/-гэр → бүг. қазақ т.: -қа/-ке/-ға/-ге = дейін мағынасын береді), *дылы – дейін, йэс – қарыз, бар – бару, кету дегенді білдіреді.* *Қарызға белшесінен бату* тіркесімен мағыналық, құрылымдық паралель құра алады. Қазақ тілінде қарызға бату *бел* арқылы, ал саха тілінде *бас* арқылы беріледі. *Баскын кырбана оло*-дың сөзбе-сөз мағынасы *басын кесіп (қырбанып) отырды (жүрді),* тіркестік мағынасы *құр басы жүру, іс тындырмау* дегенді білдіреді.

Қазақ және саха тілдеріндегі *бас* сөзімен келетін тұрақты тіркестерді саралай отырып, екі тілдегі паралельдіктің, тарихи байланыстың ерте кезеңдерден бері келе жатқанын байқаймыз. Соматикалық атаулар – тілде тек дене мүшесі ғана емес, ол сонымен қатар әлеуметтік категория. Мысалы, *бас* сөзімен келетін тұрақты тіркестерден «билік, еркіндік, ақыл» мәнін, *көз* арқылы жасалған тұрақты тіркестерден «бақылау, білім алу, күн көру», *жүрек* арқылы жасалған тұрақты тіркестерден «рухани болмыс, сезім, күй» мәнін байқауға болады.

Жинақталған тұрақты тіркестерді саралай келе, қазақ ұлты танымында *бас* соматизмі төрт концептіден тұратынын анықтадық, олар: когнитивтік-интеллектуалдық концепт (*бас ↔ сана ↔ ойлау*); онтологиялық-антропологиялық концепт (*бас ↔ адам ↔ тұтас болмыс*); әлеуметтік-рөлдік концепт (*бас ↔ субъект ↔ қоғамдағы орын*); экзистенциалдық-еркіндік концепт (*бас ↔ дербестік ↔ еркін өмір сүру*).

Қазақ тіліндегі «бас» концептісінің мынадай модельдерін ұсынуға болады:

- бас адамның ойлау мүшесі, осыдан ақыл-ойға қатысты тіркестер қалыптасқан: *басқа кірмеу, шақшадай басы шарадай болу, басын қасу, басы жету, бас қату;*

- бас адамның басты ағзасы (сыртқы көзбен қарағанда), осыдан бас арқылы адамның тұтас болмысын айқындайтын тіркестер қалыптасқан: *бас басына, бас-аяғы тұзу;* мұнда оң және теріс *бағалауыштық* сипаттарды білдіретін тіркестер де бар: *қу бас, көнек бас, алтын басты еркек, бас терісі келіспеген, басы қадірлі;*

- бас тұтас адамды білдіретіндіктен, синекдохалық сипатта түрлі қатынастарды, қимыл әрекетті бас арқылы беретін тіркестер: *басын ала қаишты, басы аман, бауыры бүтін, басы ауған жаққа кету, бас терісі салбырау, басынан құс ұшырмау, бас бермеу, бастан құлақ садаға;*

- бас – басты ағза, содан бас арқылы адам саулығын, еркіндігін, жай-күйін білдіретін тіркестер қалыптасқан: *басы ауырып, балтыры сыздау, сау басына сақина тілеу, бас идіру, бас сауғалау, бас жарып, көз шығару, басқа тебу, шоқпарын басына ойнатты, басқа шауып, төске өрледі.*

Әрине, *бас* сомафразеологизмдер қатарында өмір мен өлім, бостандық, жаугершілік, соғыс әрекеттерін білдіретін тіркестер қатары баршылық. Ол тіркестерді жеке бір концепт ретінде ұсынсақ болар еді. Алайда зерттеуде *бас* сомафразеологизмдері тақырыптық емес, концептуалдық-когнитивтік принцип тұрғысынан топтастырылды. Осылайша, жаугершілік, соғыс әрекеттеріне қатысты пайда болған тіркестер дәстүр, тарих шеңберінде емес, адам саулығы, еркіндігі концептісі құрамында топтастырылды. Бұл шешім фразеологизмнің концептілік сипаты тарихи жағдаятпен емес, дүниетанымдық модельмен анықталатынына негізделеді. Жауынгерлік қолданыстарда *бас* адамның жай дене мүшесі емес, адамның еркіндігін, дербестігін білдіреді. Сондықтан мұндай тіркестердің мағынасы соғыс тақырыбынан

гөрі кеңірек антропоэзектік мазмұнға ие. Яғни, *бас* сомафразеологизмдері тарихи, мәдени уәжден туындағанымен, олардың семантикалық өзегі – адамның еркін субъект ретіндегі статусы. Сол себепті олар адам саулығы, еркіндігі концептісіне біріктірілді.

Қазақ тілінде аталған фразеологизмдерден жаугершілік, қысым көрсету мәніндегі тіркестер мен түрлі қимылды білдіретін тіркестер ең көп тараған тіркестер екені байқалады. Нақты айтар болсақ, тілімізде «бас» сомафразеологизмдері ақылға қатысты – 6, денсаулыққа қатысты – 5, адами қасиеттерді сипаттайтын – 14, түрлі қимылды білдіретін – 56, бостандық, жаугершілік, қысым турасындағы 36-ны құрайтын барлық саны 117 «бас» соматизмімен келетін тұрақты тіркес жинақталып, саха тілімен семантикалық салыстырмалы тілдік талдау жасалды.

Саха тілінде *бас* сомафразеологизмдері төрт концептіден тұратынын анықтадық, олар: когнитивтік-интеллектуалдық концепт (*бас* ↔ сана ↔ ойлау); онтологиялық-антропологиялық концепт (*бас* ↔ адам ↔ тұтас болмыс); экзистенциалдық-еркіндік концепт (*бас* ↔ дербестік ↔ еркін өмір сүру); тіршілік-әрекеттік концепт (*бас* ↔ адам ↔ әрекет ↔ тіршілік). Саха тіліндегі «бас» концептісінің модельдері:

- бас адамның ойлау мүшесі, осыдан ақыл-ойға қатысты тіркестер қалыптасқан: *бастаах киһи* (ақылды адам), *баскын сус* (басы қату), *төбөбун сус* (басы қатты, басы жетпеді), *төбөлөөх киһи* (басы істейтін кісі);

- бас адамның басты ағзасы болғандықтан, бас арқылы адамның тұтас болмысын айқындайтын тіркестер қалыптасқан: *баһа биллибэт* (белгісіз адам), *түс-бас киһи* (басы жақсы кісі, жақсы адам), *баһа-атаба суох* (ұятсыз кісі), *баһыттан-атабар диэри* (бастан аяққа дейін), *баһа биллибэт* (сансыз көп), *бас тутун* (басшы тұту);

- бас тұтас адамды білдіретіндіктен, синекдохалық сипатта түрлі қатынастарды, қимыл әрекетті бас арқылы беретін тіркестер: *бас бэрин* (басын беру, мойынсұну), *баскын холбоон* (бас қосып әрекет ету), *бас баттах* (ойланбай сөйлеу), *баскын салан* (басын басқару), *баскар бакаайы*, *атаххар адаба* (басқа жүген, аяққа тұсау болу), *бас-атах бар* (басы ауған жаққа кету), *баскар ыттыа* (басқа шығу), *баһа батарынан* (басы батқанша, қандай жолмен болсын), *баһын быһа эт* (басын кесердей қып айту, тигізе айту), *баһын хатар* (басын кептіру, мерт қылдыру), *баскар дылы йэскэ бар* (қарызға басымен кіру);

- бас – басты ағза, содан бас арқылы тұтас адам мәні, одан адамның тірі болу үшін әрекетін, еңбек етуін білдіретін тіркестер қалыптасқан: *баһын аһатар* (басын асырау), *баһын көрдөрөр* (басын көрсетеді, тіршілік етеді), *баскын кырбана олор* (ешқандай іспен айналыспау, жұмыс істемеу).

Қазақ және саха тілдеріндегі *бас* концептілік таным моделінде ортақ құбылыс ретінде когнитивтік-интеллектуалдық концептіні, онтологиялық-антропологиялық концептіні, экзистенциалдық-еркіндік концептіні жатқызуға болады. Ал ерекшелік ретінде саха тіліндегі бірқатар фразеологизмнің адамның еңбек етуін, тіршілік етуін білдіретінін көрсетуге болады. Мұнда соматизм синекдохалық жолмен субъектіні атаудан оның қызметін атауға ауысады. Нәтижесінде *бас* адамның еңбек ету, күнкөріс әрекеттерінің таңбасына айналады. Бұл қолданыстарда *бас* элеуметтік мәртебені емес, тіршілік процесін білдіреді. Яғни адам, ең алдымен, қоғам мүшесі емес, өмір сүруші, әрекет етуші субъект ретінде концептуалданады. Сондықтан фразеологизм мағынасы жұмыс ұғымынан кең, ол күн көру, еңбек ету арқылы өмірін сақтау семантикасын қамтиды. Қазақ тілінде *бас* көбіне «басқару, бас болу, қатынас» және «жауапкершілік» мағынасында дамыса, саха тілінде адамның еңбек әрекетімен тікелей байланысады. Бұл адам ↔ қоғам моделінен адам ↔ тіршілік моделіне деривацияланған семантикалық бағытты көрсетеді.

Саха тіліндегі *бас-куөс буол* тіркесі тіліміздегі *бас-көз бол* тіркесімен мағыналық, құрылымдық тұрғыдан үйлеседі, *бастааһ киһи* тіліміздегі *басы істейтін кісі* дегенге келеді. *Баһа-атаба суох* тіліміздегі *бас-аяғы жоқ* тіркесімен тұлғасы жағынан үйлескенімен, мағыналық алшақтық байқалады. Саха тіліндегі *бас-атаба суох* – ұялмайтын, ұятсыз кісі болса, қазақ тіліндегі *бас-аяғы жоқ* бір істің, заттың бас-аяғының жоқ екендігін білдіреді. *Баскын кырбана олор* фразеологизмінің сөзбе-сөз мағынасы *басын кесіп отыр, басын қырбанып отыр*, ал тұтас тіркестік мағынасы *түк бітірмеу, іс тындырмау* дегенге келеді. Қазақ тілінде дәл *бас* соматизмі

арқылы адамның жалқаулығын, іс тындырмауын білдіретін тұрақты тіркес кездестірмедік, алайда *желкесі жар бермеу, көк желке, кезегесі кері тарту* секілді тіркестер бар екендігі белгілі. Мұндай құбылыс саха тіліндегі *жүрек* сомафразеологизмінде де байқалды. Мысалы, *күөх сүрэх (көк жүрек) – жалқау*, тіліміздегі *көк желке, көк бармақ* дегенге келеді. Көк түсті соматизм арқылы адамның жағымсыз қасиетін білдіру қазақ тілінің бейнелілік табиғатында бар құбылыс (*көк бармақ, көк долы, көк бет, көк желке*). Осы құбылысты саха тілінен де көріп отырмыз (*күөх сүрэх – жалқау, күөх дьай – жолы болмау, айы оңынан тумар*). Демек, бұл көк түсті соматизмнің көне түркі танымындағы сапалық ерекшелігі болса керек. Екі тілдегі құрылымдық әрі мағыналық ортақ фразеологизмдерді келесідей ұсындық:

<i>Баһыттан атабар диэри</i>	Бастан аяққа дейін
<i>Түс-бас киһи</i>	Алтын басты адам
<i>Бас баттах</i>	Басы батқанша (бар мүмкіндігінше)
<i>Бас иччитэ</i>	Басы қауғадай
<i>Баскар бакаайы, атаххар адаба</i>	Басқа жүген, аяққа тұсау болу
<i>Баһым ыарыйда</i>	Басым ауырды
<i>Мэниги атаахтатыма-баскар ыттыа</i>	Ақымақты еркелетпе, басыңа шығады
<i>Бас-атах бар</i>	Басы ауған жаққа кету
<i>Бас-атаба биллибэт</i>	Бас-аяғын білмейді
<i>Бас быстыар</i>	Бас кесер
<i>Бас бэрин</i>	Бас беру, бой беру
<i>Баскар дылы йэскэ бар</i>	Қарызға белшесінен бату
<i>Баскар (төбөбөр) ытыар</i>	Басқа шығу
<i>Бас-көс буол</i>	Бас-көз болу
<i>Бил баһыттан сытыйар</i>	Балық басынан шіриді

Фразеологизмнің тарихи қалыптасу кезеңі адамзаттың дүниетанымдық ойы күрделеніп, бейнелі сөйлеу қажеттігі туындаған тұста пайда болады. Түркі тілдеріндегі фразеологизмдердің қалыптасу кезеңі де осы сипаттағы кезеңдерді бастан кешіру арқылы іске асты деуге болады. Зерттеуші Ж.А. Абитжанова «Орхон-Енисей жазба ескерткіштері тіліндегі фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің қолданысы» атты зерттеу еңбегінде тас ескерткіштерде жазылған келесідей тұрақты тіркестерді көрсетеді: *түн қатдымыз (түн қаттық), ісіг кучіг бірміс (ісін-күшін беру), баилықық йукунтурміс (бастыны еңкейттік), тізлігіг сокурміс (тізеліні жүгіндірдік), адақ қамаст (аяқ шаршады)* (Абитжанова, 2018). Фразеологизмдік қолданыстар көне түркі дәуірлерде қалыптаса бастап, бүгінгі түркі тілдерінде өңделе, көркемделе, құрылымдық және мазмұндық тұрғыдан байытыла түскен.

Қорытынды

Фразеологизмдер – тек тілдік бірліктер емес, ұлттың жадын, пәлсапалық деңгейдегі танымын, этномәдени кодын сақтаушы құрал. Қазақ және саха тілдерінде фразеологиялық параллельдіктердің орын алуы – ортақ этникалық сана мен ментальды тұтастықтың, ұлт болмысының терең қабаттарындағы рудиментті мұраның тілдік бейнесі. Екі тілдегі *бас* соматизмі негізінде жасалған тұрақты тіркестер *жаугершілік, қысым көрсету, тізе батыру, бас еркіндігін алу* секілді мағыналық топта молынан кездеседі.

Қазақ тілі мен саха тілдерінің тілдік ерекшеліктері дыбыстық жағынан (*с~һ, ж~с, ш~с, а~ы, е~э, ү~үү, е~иэ, ү~үө, а~ыа; басым~баһым, бастан~баһыттан, жол~суол, жарық~сырдық күш~күүс, беру~бэр, кел~кэл, бес~биэс, төрт~түөрт*), грамматикалық тұстан (*-бар/-гер→көне түркілік -гару/-геру→қазақ тіліндегі -га/-ге*), лексикалық бірліктерден (*шығу~табыс, ойлау~санаа, жұмсақ~сымнағас, дауыс~куолас/саңа, жеу~аһаа*) байқалады.

С~һ, е~э сәйкестігі моңғол тілінің әсері болса керек, сонымен қатар *куолас* (дауыс) сөзі де моңғолдық элементке (*дуу хоолой – дауыс*) жақын. Ал *саңа* (дауыс) сөзі *бас баттах саңарыма* (басың батқанша/қалай болса солай сөйлеме) дегендегі *сөйлеу* сөзімен сәйкеседі. Септіктер жүйесіндегі барыс сепітігінің көне түркілік форманы сақтағандығы, көне түркі септіктер жүйесіндей септіктер қатары мол болуы, кей көне септіктердің рудиментті форманттары бүгінгі саха сөзформаларында сақталуы аталған тілдің көне түркілік сипаты мол екендігін аңғартады.

Саха тілін қазақ тілі тарихы нысанында зерттеу өнімді бағыт деуге келеді.

Зерттеу жұмысында екі тілдегі *бас* соматизмі арқылы жасалған 146 тұрақты тіркес жинақталды. Саха тіліндегі тұрақты тіркестер қазақ тұрақты тіркестерінен едәуір аз болды, дегенмен бұл көрсеткіш саха фразеологизмінің шынайы мөлшерлік бағамын бермейді. Себебі саха фразеологиясы әлі де зерттелу үстінде. Олонхо жыр эпостары циклін дүниеге әкелген ұлттың тілдік қуаты, оның көркемдік бояуы да бай екендігі сөзсіз.

Қазақ даласының табиғаты көшпенді өмірге, көш үдерісінде түрлі жоралғы, салттарды орындауға, руаралық, ұлтаралық жортуылдар мен шабуылдар жасауға мүмкіндік беретін климат болса, саха жерінің климаты ондай жұмсақ емес. Қатаң табиғат адам санасын тіршілік етуге, тынбай еңбек етуге, еңбек адамның тіршілік сипаты екендігін ұғынуға итермелейді. Саха «бас» концептісінде *тіршілік*, *еңбек* моделінің болуы да осыдан болса керек. Екі тілдегі «бас» концептісі арқылы екі ұлттың дүниені қалай модельдейтінін айқындауға болады.

Қазақ және саха сынды тамырлас екі түркі тілдеріндегі лексикалық ұқсастықтар түркі халықтарының ортақ ментальды, мифологиялық, тұрмыстық негіздерін, архаикалық мәдени-әлеуметтік тәжірибелерінің сарқыншағы екендігін аңғартады. Екі тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің мазмұн межесі этномәдени құндылықтар мен антиқұндылықтар тұрғысында үндесіп отырады. *Бас* сомафразеологизмі арқылы екі тілдегі тарихи және этномәдени ұлттық кодты, рухани көріністі, әлемнің тілдік бейнесіндегі ортақтықты байқадық. Тілдік айырмашылықтар болғанымен, ұлттық таным, этнолингвистикалық тұрғыда көптеген құбылыстар ортақтыққа саяды.

Екі тілдегі лексикологияның терең қабатында орналасқан сомафразеологизмдерді антропоэлектік парадигма тұрғысында қарастыру көне түркілік концептілік таным моделіне реконструкция жасауда ғылыми-теориялық маңыздылыққа ие.

Әдебиеттер

- Абитжанова Ж.А. Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің қолданысы. – Тілтаным, 2018(3). – 44-48-бб.
- Большой толковый словарь якутского языка: в 15 т. – 1 т. / Слепцов П.А., Лиханов В.И., Петров Н.Е. – Новосибирск: Наука, 2004. – 679 с.
- Большой толковый словарь якутского языка: в 15 т. – 2 т. / Оконешиников Е.И., Афанасьев-Тэрис Л.А., Афанасьев П.С. – Новосибирск: Наука, 2005. – 910 с.
- Васильев Ю.И., Васильев И.Ю. Огузский компонент в якутском языке (фонетический и лексико-семантический аспект). – Якутск: Издательский дом СВФУ, 2012. – 357 с.
- Дьячковский Ф.Н., Николаев Е.Р. Фразеология и лингвокультурология в якутской лингвистике (на материале трудов к. ф. н. Л.М.Готовцевой). // Северо-Восточный гуманитарный вестник. – 2020. Выпуск 1(30).
- Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том. – Алматы, 2011.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық. Жалпы ред. басқарған Ысқақов А.Ы. – Алматы: Ғылым, 1980. – 640 б.
- Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004. – 360 б.
- Левин Г.Г. Лексико-семантические параллели орхонско-тюркского и якутского языков (в сравнительном плане с алтайским, хакасским, тувинским языками). – Новосибирск: Наука, 2001. – 187 с.
- Нелунов А.Г. Якутско-русский фразеологический словарь. – Новосибирск: Изд-во СО РАН: Гео, 2002. 288 б.
- Скрябина А.А., Чирков Д.И. Архаическая лексика в якутских народных преданиях. // Северо-Восточный гуманитарный вестник. – 2021. Выпуск 4(37)
- Слепцов П.А. Якутско-русский словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1972. – 605 б.
- Түймебаев Ж., Сағидолла Г., Ескеева М. Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы (Фонетика. Морфология). – Алматы: Қазығұрт, 2017. – 324 б.
- Убрятова Е.И. Якутский язык и его отношении к другим тюркским языкам, а также к языкам монгольским и тунгусо-маньчжурским. – Москва: Издательство восточной литературы, 1960. – 73 б.
- Харитонов Л.Н. Самоучитель якутского языка. – Якутск: Якутское книжное издательство, 1987. – 232 с.
- Широбокова Н.Н. Отношение якутского языка к тюркским языкам южной Сибири. – Новосибирск: Наука, 2005. – 272 б.
- Ястремский С.В. Грамматика якутского языка. – Иркутск: Издания книжного магазина П.И.Макушкина, 1900. – 300 с.
- SakhaTyyla.Ru: саха (якут) тілінің онлайн сөздігі [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: <https://sakhatyyla.ru/> (қаралған күні: 02.02.2026).

References

- Abitzhanova, Zh.A. (2018) Orhon-Enisej eskertkishteri tilindegi frazeologizmdar men maqal-matelderding goldanysy. Almaty: Tiltanym, 44-48-bb. [Abitzhanova, Zh.A. (2018) The use of phraseological units and proverbs in the language of the Orkhon-Yenisei monuments. Almaty: Tiltanym. Pp. 44-48.] (in Kazakh)
- Bol'shoj tolkovyj slovar` jakutskogo jazyka: v 15 tomah (2004) 1 t./ Slepcov, P.A., Lihanov, V.I., Petrov, N.E. Novosibirsk: Nauka. 679 s. [A large explanatory Dictionary of the Yakut language: in 15 volumes (2004) Vol. 1. / Sleptsov, P.A., Likhanov, V.I., Petrov, N.E. Novosibirsk: Nauka. 679 p.] (in Russian)
- Bol'shoj tolkovyj slovar` jakutskogo jazyka: v 15 tomah (2005) 2 t. /Okoneshnikov, E.I., Afanas`ev-Teris, L.A., Afanas`ev, P.S. Novosibirsk: Nauka. 910 s. [A large explanatory Dictionary of the Yakut language: in 15 volumes (2005) Vol. 2. / Okoneshnikov, E.I., Afanasyev-Teris, L.A., Afanasyev, P.S. Novosibirsk: Nauka. 910 p.] (in Russian)
- D`jachkovskij, F.N., Nikolaev, E.R. (2020) Phraseologija i lingvocul`turologija v jakutskoj lingvistike (na materiale trudov k.f.n. L.M.Gotovcevoj). Severo-Vostoshnij gumanitarnij vestnik. Jakutsk. No. 1(30). [Dyachkovskiy, F.N., Nikolayev, E.R. (2020) Phraseology and linguoculture in the Yakut language (based on the works of L.M.Gotvtseva). North-East Humanitarian bulletin. Yakutsk. No. 1(30).] (in Russian)
- Haritonov, L.N. (1987) Samouchitel` jakutskogo jazyka. Jakutsk. 232 s. [Kharitonov, L.N. (1987) Self-improvement of the Yakut language. Yakutsk: Yakut book publishing house. 232 p.] (in Russian)
- Jastremskij, S. (1900) Grammatika jakutskogo jazyka. Irkutsk. 300 s. [Yastremskiy, S. (1900) Grammar of the Yakut language. Irkutsk. 300 p.] (in Russian)
- Kengesbaev, I. (2007) Frazeologijalyq sozdik. Almaty: Arys. 800 b. [Kenesbayev, I. (2007) Phraseological dictionary. Almaty: Arys. 800 p.] (in Kazakh)
- Levin, G.G. (2001) Leksiko-semanticheskie paralleli orhonsko-tjurksskogo i jakutskogo jazykov (v sravnitel`nom plane s altajskim, hakasskim, tuvinskimi jazykami). Novosibirsk: Nauka. 187 s. [Levin, G.G. (2001) Lexical-semantic parallels of the Orkhon-Turkic and Yakut languages (in comparison with Altai, Khakass, and Tuvan languages). Novosibirsk: Nauka. 187 p.] (in Russian)
- Nelunov, A.G. (2002) Jakutsko-russkij frazeologicheskij slovar`. Novosibirsk: izd-vo Co RAN: GEO. 288 s. [Nelunov, A.G. (2002) Yakut-Russian phraseological dictionary. Novosibirsk: izd-vo CO RAN: GEO. 288 p.] (in Russian)
- Qaidar, A., Orazov, M. (2004) Turkitanuga kirispe. Almaty: Arys. 360 b. [Kaidar, A., Orazov, M. (2004) Introduction to Turkology. Almaty: Arys. 360 p.] (in Kazakh)
- Qazaq adebi tilining sozdigi. On bes tomdyq (2011) 6-tom. Almaty. [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Vol. 6. Almaty.] (in Kazakh)
- Qazaq tilining tusindirme sozdigi: 10 tomdyq (1980). Zhalpy red. basqargan: Ysqaqov, A.I. Almaty: Gylym. 640 b. [Kazakh Explanatory Dictionary: in 10 volumes. (1980) Gen. editor: Yskakov, A.I. Almaty: Gylym. 640 p.] (in Kazakh)
- SakhaTyla.Ru: saha (jakut) tilining onlajn sozdigi. [Jelektrondyq resurs]. Kiru rezhimi: <https://sakhatyula.ru/> (qaralgan kuni: 02.02.2026). [SakhaTyla.Ru: online dictionary of the Sakha (Yakut) language [electronic resource]. Access mode: <https://sakhatyula.ru/> (review date: 02.02.2026)].
- Shirobokova, N.N. (2005) Otnoshenie jakutskogo jazyka k tjurkskim jazykam juzhnoj Sibiri. Novosibirsk: Nauka. 272 s. [Shirobokova, N.N. (2005) The relationship of the Yakut language to the Turkic languages of South Siberia. Novosibirsk: Nauka. 272 p.] (in Russian)
- Skrjabina, A.A., Shirkojev, D.I. (2021) Arhaicheskaja leksika v jakutskih narodnyh predaniyah. Severo-Vostochnij gumanitarnyj vestnik. Jakutsk. No.4(37). [Skryabina, A.A., Shirkojev, D.I. (2021) Archaic vocabulary in Yakut folk legends. North-Eastern Humanitarian Bulletin. Yakutsk. No. 4(37).] (in Russian)
- Slepcov, P.A. (1972) Jakutsko-russkij slovar`. Moskva: Izd. Sovetskaja jenciklopedija. 605 s. [Sleptsov, P.A. (1972) Yakut-Russian dictionary. Moscow: Sovetskaya encyclopedya. 605 p.] (in Russian)
- Tujmebaev, J., Sagidolla, G., Eskeeva, M. (2017) Turki tilderining salystyrmaly-tarihi grammatikasy. (Fonetika. Morfologija). Almaty: Qazygurt. 324 b. [Tuimebayev, Zh., Sagidolla, G., Yeskeyeva, M. (2017) Comparative historical grammar of Turkic languages. (Phonetics. Morphology). Almaty: Qazygurt. 324 p.] (in Kazakh)
- Ubrjatova, E.I. (1960) Jakutskij jazyk i ego otnoshenie k drugim tjurkskim jazykam, a takzhe k jazykam mongol`skim i tunguso-manchzhurskim. Moskva: Izd. vostoshnoj literatury. 73 s. [Ubrjatova, E.I. (1960) The Yakut language and its relation to other Turkic languages, as well as to the Mongolian and Tungus-Manshur languages. Moscow: Publishing House of Eastern Literature. 73 p.] (in Russian)
- Vasil`ev, Ju.I., Vasil`ev, I.Ju. (2012) Oguzskij component v jakutskom jazyke (foneticheskij i leksiko-semanticheskij aspekt). Jakutsk: Izdatel`skij dom SVFU. 357 s. [Vassilyev, Yu.I., Vassilyev, I.Yu. (2012) The Oguz component in the Yakut language (phonetic and lexical semantic aspect). Yakutsk: SVFU publ. house. 357 p.] (in Russian)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 25.11.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 29.03.2026.